

**Ауданның ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалады бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2008 жылғы 30 шілдедегі N 8/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 2 қыркүйекте N 13-12-76 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы N 13/10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 28.06.2013 N 13/10 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Аграрлық-өнеркәсіптік кешен және селолық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18-бабының 14-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу.

2. 2001 жылғы 22 тамызының № 15/2 «Ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» (2001 жылғы 23 қазанда № 37 «Нива» газетінде жарияланған, № 449 2001 жылғы 28 қыркүйектегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген) өз күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң он күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.

*VIII сессиясының төрағасы*  
*А. Анненков*

*аудандық мәслихаттың хатшысы*